

ӘОЖ 159.9.072.43

**ЖАСТАРДЫҢ БАСҚА ҚАЛАҒА ОҚУҒА ТҮСУ ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ
ӘЛЕУМЕТТІК-ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ БЕЙІМДЕЛУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ ТУРАЛЫ**

Орынғалиева Назерке Нұрланбекқызы

Nazerke_0811@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану кафедрасы
студенті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі-Ж.К Аубакирова

Бейімделу - тұлғаның өзінің, ағзасының, жүйелерінің, мінезінің сыртқы ортадағы әсерлерге немесе өзгерген өмір жағдайына қарай ыңғайлануы. Жалпы, бұл термин ХІХ ғасырда пайда болып, тек жаратылыстану ғылымдары аясында, әсіресе биология саласында қолданылып келді. Тек бертін келе, өмірдің және ғылымның басқа салаларында қолданыла бастады, тіпті тұлға өмірі мен ұжымдық жүріс-тұрыс мәселелерінде де өзектілікке айналды.

А.Г.Маклаков бойынша тұлғаның бейімделуі үш деңгейде жүзеге асады: физиологиялық, психологиялық және әлеуметтік. Ғалым бұларды бейімделудің әрі үш деңгейі, әрі үш түрі ретінде көрсеткен. Тұлға ағзасының белгілі бір сыртқы жағдайда қызметін тоқтатпай жұмыс жасауын физиологиялық бейімделу деп атаймыз. Ал, тұлғаның барлық психикалық құрылымының сыртқы факторлармен өзара ықпалдасуы барысында қалыпты жағдайда жұмыс жасауы психологиялық бейімделу ны білдіреді. Әлеуметтік бейімделу болса, тұлғаның қалыптасып кеткен ортаға бейімделуін білдіреді. Әлеуметтік ортаға бейімделу дегеніміз – тұлғаның түрлі жағдайларға талдау жасай білуі, өз мүмкіндіктерінің жетер жерін білу, іскерлігінің басты мақсаттары үшін өз жүріс-тұрысын, эмоциясы мен сезімдерін бақылауда ұстай алуы. Бейімделу дегеніміз бейімделу процессінің ілгері жылжуын білдіреді. Алайда, тұлға қоғаммен ықпалдасқанда бейімделу векторы тек қана ілгері емес, артқа қарай да жылжуы мүмкін. Бұл құбылысты біз «дебейімделу» деп атаймыз.

Әлеуметтік дебейімделу дегеніміз – адам мен қоғам арасындағы қалыпты қарым-қатынастың бұзылуы, басқалармен қарым-қатынас құру барысында қиындықтар мен түсініспеушіліктерге ұшырауы.

И.А. Милославова әлеуметтік-психологиялық бейімделуді әлеуметтік бейімделудің бір қыры ретінде ғана көрсетеді.

Оның пікірі бойынша, бейімделу – әлеуметтік-биологиялық- психикалық құбылыстың жүйесі.

Бейімделу феноменін зерттеген ғалымдардың басым көпшілігі, өз зерттеулерінде «психикалық бейімделу» ұғымын кең қолданады. В.М.Воловиктің пікірі бойынша, психикалық бейімделу – белсенді тұлға функциясы, ол индивидтің өзекті қажеттіліктерін қоршаған орта талаптары және өмір шарттарының динамикалық өзгерістерімен сәйкестендіріп отырады.

Ф.Б. Березиннің пайымдауынша, психикалық бейімделу психикалық гомеостазды реттей отырып, тұлғаның басқа тұлғаларымен үнемі адекватты қарым-қатынас орнатуын қамтамасыз етеді. Қоғаммен ықпалдасу барысында психикалық және физиологиялық жақтарын сәйкестендіреді. Ф.Б.Березин де құрылымдық-деңгейлік келісті қолдану арқылы бейімделудің үш деңгейін көрсеткен: психофизиологиялық, психологиялық, әлеуметтік-психологиялық.

Н.С. Шейнинаның пікірінше, психикалық адаптация психологиялық адаптацияны қамтиды және 3 блоктан тұрады: биологиялық, психологиялық, әлеуметтік, өз кезегінде әр қайсысы психикалық регуляция, яғни реттеудің үш деңгейімен сәйкес келеді: биологиялық реттеу, жекедара-тұлғалық реттеу және тұлғалық- әлеуметтік реттеу. Оның үстіне, психикалық бейімделу ның әрбір блогы күрделі құрылымға ие. Осылайша, психикалық бейімделу танымдық, эмоционалды-еріктік, мотивациялық, практикалық аспектілерді қамтиды.

Ц.П.Короленко болса, психикалық бейімделу ретінде интегралды байланыстағы психикалық функциялар деңгейіндегі үйренуді меңзейді. Оның ойынша, психикалық бейімделу жалпы бейімделудің ең жоғары деңгейі болып табылады. Ал, одан бөлініп шығатын психофизиологиялық бейімделуді ол шартты деп есептейді. Девиантты бейімделу дегеніміз - қалыптасқан қоғамдық нормаларды, құндылықтарды, ережелерді бұзу арқылы әлеуметтік жағдайларға бейімделу. Яғни, қоғамға таңсық жолмен бейімделу үдерісін жасау. Девиантты бейімделу ның екі формасы бар: новаторлық және конформды емес. Новаторлық немесе шығармашыл девиантты бейімделу дегеніміз – проблемалық жағдайлардан шығудың жаңа жолдарын ойлап табуды білдіреді. Конформды емес девиантты бейімделу көп

жағдайда ұжым және тұлға арасындағы жанжал мен кикілжіңге әкеп соғады.

Патологиялық бейімделу дегеніміз – психиканың функционалды ауытқушылықтары нәтижесінде пайда болған жүріс-тұрыс формаларын қолдану арқылы әлеуметтік ортаға бейімделу формасы. Қоғамға патологиялық девиантты жолмен бейімделу тұлғаны невротикалық және психотикалық синдромдарға душар қылады.

Даму психологиясындағы Э.Эриксонның теориясы бойынша 17 жас пен 25 жас аралығы жеткіншектік кезеңнің аяғы мен ерте кемелдік шаққа сәйкес келетін студенттік шақты құрайды.

Э.Эриксонның теориясынан белгілі болғандай, жеткіншектік кезеңнің аяқ жағында тұлғаның бірегейлігі қалыптасады. Тұлға белгілі әлеуметтік топтарға тиесілі болу арқылы дамиды. Мысал ретінде, ұлтты, кәсіби топты немесе әлеуметтік классты айта аламыз. Тұлға өзін белгілі бір әлеуметтік топқа жатқызу арқылы айқындайды және өз құндылықтарын да әлеуметтік топ ықпалымен құрайды. Бұл процесс 17-20 жас аралығында болады. Ал қазіргі таңда студенттерде дәл осы жастар аралығында үлкен кризис күтіп тұрады.

Жеткіншектіктен енді ғана шыққан тұлғалар келесі кезеңде толықтай өтпей жатып, үлкен алаңдаушылықтарға тап болады. Бұл шақта жастардың шешуі керек ең үлкен мәселе – өзін өзі айқындау, өз орнын табу болып табылады. Егер жас адам өзін табудың қиналса, онда бірегейліктің диффузиясы (диффузность идентичности) көрініс береді. Оның басты себебі жас адамның барынша ересек өмірге аяқ басудан тартынуы болып табылады.

Ерте ересектік немесе кемелдік кезеңінде тұлғаның ең үлкен мәселелерінің бірі – жақындық мәселесі. Жақындық мәселесі тек қана сексуалды аспектіде емес, әлеуметтік аспектіде де туындайды.

Жастардың басым көпшілігі осындай маңызды сәттерде өз өмірлік жағдайын қолына ала алмай қалуы да мүмкін. Егер жастардың орта есеппен алғанда 95% - ы 17 жасқа толғаннан бастап университетке түсетінін ескерсек, олардың жаңа ортаға бейімделу мәселесінің шын мәнінде өзекті екенін көреміз.

Көптеген авторлар, атап айтқанда К.А.Абульханова және Б.Г.Ананьев студенттік шақты тұлға болып қалыптасудағы ең маңызды кезеңдердің бірі деп есептейді. Себебі, дәл осы шақта тұлғаның әлеуметтік дамуында және кәсібилігінің қалыптасуында маңызды сәттер болады. Басқаша айтқанда, тұлғаның өз әлеуметтік ортасын құруы және кәсіби іскерлігінің алғашқы қадамдары осы кезеңде басталады.

Студенттердің оқу-кәсіби іскерлігінде бірнеше маңызды этаптарды бөліп көрсетуімізге болады. Талапкер университетке түскеннен бастап, онда «эмоционалды бейімделу» басталады. Эмоционалды бейімделуге кәсіби белсенділіктің төмендеп, жеке тұлғалық белсенділіктің артуы тән. Бірнеше ғалымдардың пікірінше (Г.В.Икрин; Н.И.Иванов; А.Черенков) бұл этап екінші курстың ортасына келгенде аяқталады.

Эмоционалды бейімделу этапында жастар келген ортасындағы басқа тұлғалармен эмоционалды байланыс орнатуға тырысады. Яғни, басқа адамдармен көбірек танысуға, ұжымның арасында өз орнын бекітуге тырысады.

Тұлғалық белсенділік, жас адамды Абрахам Маслоу айтқан, қажеттілік иерархиясындағы басқалардан мойындау күтетін жерге жеткізеді. Зерттеу базасы болған Еуразия Ұлттық университетінің анонимді сауалнамаға қатысқан студенттердің 93 % - ы өздерінің алғашқы курс студенті болған шағында университеттегі түрлі клубтарға, дебат ойындарына тіркелгендігін айтқан. Олардың басты мақсаты өздеріне жақсы дос, араласатын орта табу болғандығын да жасырмаған. Бұдан көретініміз, жастар жаңа ортаға келгенде ең алғаш қажет ететіні эмоционалды комфорт болып табылады.

Студенттік шақтың келесі кезеңі «жалпы ғылыми» (Н.И.Иванов) немесе «негізгі» (Г.В.Икрин) деп аталады. Аты айтып тұрғандай, бұл этап мерзімі 4 семестрмен 7 семестр аралығына сәйкес келеді. Жастардың негізі міндеті өздеріне керекті ғылыми негіз жинау болып табылады. Кей жағдайларда эмоционалды бейімделу процесі барысында тым көп белсенділік танытқан жастар осы кезеңге келгенде сарқылып қалуы мүмкін. Белсенділік оқу-кәсіби әрекетінде емес, басқалармен қарым-қатынас құру барысында азаяды. Студент

алғашқы кезеңдегіге қарағанда төмен белсенділік көрсетуі мүмкін. Және бұл жағдай студенттің бойында фрустрацияның пайда болу себебіне де айналуы мүмкін. Осыған қарамастан, студент дәл осы кезеңде өзінің кәсіби іс – әрекетінің негізін қалайды. Және осы кезеңге келгенде дезбейімделу немесе бейімделудің алғашқы кезеңдерінен өтіп кеткен болып есептеледі.

Келесі кезең «арнайы» (Н.И.Иванов) немесе «аяқтаушы» (И.И.Юматов) деп аталады. Бұл бакалавриат деңгейіндегі студенттердің соңғы екі семестрінің мерзіміне сәйкес келеді. Кәсіби іс-әрекеттің келесі бағдарларын айқындайды. Және осы уақытқа дейін жүзеге асқан оқу-кәсіби іскерлігінің қортындысы болады. Осы кезеңдер студенттің тек қана кәсіби дағдыларын қалыптастырып қана қоймай,оның тұлғалық қасиеттерін де қалыптастырады.

Егер студенттердің әлеуметтік-психологиялық бейімделуінде тұлғаның белсенділігі ең маңызды ролдердің бірін ойнайды десек, сол белсенділікті басқарып отыратын тұлғаның өзін саналы реттеуі (регуляция) одан да маңызды болып табылады. К. А. Абульханованың пікірі бойынша субъективті белсенділіктің негізгі сипаттамалары тұлғаның дербестікке, өзін реттеуге және өзін ұйымдастыра алуға деген қабілеті болып табылады.

Өзін реттей алу қабілеті – тұлғаның белгілі бір өмір жағдайларында ішкі тұрақтылығын сақтай алу қабілеті, сыртқы әсер ықпалын компенсациялаушы реакциялар нәтижесінде пайда болған жүйе қасиеті.Тұлғаның өзінің психикалық жай-күйін шартты түрде басқара алуы (А.В.Вошинин). Өзін реттеудің үш деңгейі бар :

1. Ортаға шартсыз бейімделу. Биологиялық деңгейде жүзеге асады: қан қысымының тұрақтылығын сақтау, стресс кезінде адреналин мен кортизол бөліп шығару, қараңғылыққа көздің үйренуі.

2. Тұлғаның белгілі бір ситуацияда өзі үйренген дағдылар мен әдеттерді білер-білмес қолдануға әзірлігі. Мысалы, суретші бояуды жағуды тек бір стильді қолдануы мүмкін. Алайда, басқа бояу стильдерінен де хабардар.

3. Шартты реттеу. Тұлғаның жекедара тұлғалық сипаттамаларын басқаруы. Мысалы, кикілжің кезінде өзінің психикалық жайын, мақсаттарын, мотивтерін реттей алу қабілеті.

Студенттің өзін реттеу қабілетінің деңгейі неғұрлым жоғары болса, жаңа ортаға бейімделуі де соғұрлым тез әрі жақсы жағдайда өтеді. Бакалавриаттың бірінші курс студентінің әлеуметтік-психологиялық бейімделуін келесідей стадияларға бөліп, қарастырсақ болады:

- бастапқы стадия, индивид не ұжымның өздері үшін таңсық ортада қалай ұстайтындарын, жүріс-тұрысын қалай басқаратынын үйренетін кезең. Бұл кезеңде студенттер жаңа әлеуметтік ортада өздерін қалай ұстау керек екендігін жақсы біледі, алайда бұрынғы өмір салтарына қарай ұмтылыстары да басылмаған.

- төзімділік стадиясы, индивид не ұжым және жаңа орта бір -бірлерінің құндылықтарын сыйлап, бір-бірінің жүріс-тұрыс үлгілерін білгеннен кейін өзара төзімділік таныта бастайды.

- аккомодация, тұлғаның жаңа ортаның негізгі құндылықтары мен нормаларын, ортаның индивидтің нормалары мен құндылықтарын, немесе негізгі идеяларын мойындауы.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Ларри Хьелл, Дениель Зиглер. Теории личности. Санкт - Петербург: «Питер», 2017.
2. Руденко А.М. История психологии в схемах и таблицах. Ростов на дону: «Феникс», 2015.
3. Почебут Л.Г. Социальная психология. Санкт - Петербург: «Питер», 2017.
4. Разработчики: Абдулова Е.В. (Директор центра ОП), Шебалов Р.Ю. (Начальник управления ОП). Положение о выпускной квалификационной работе 2.5.00.10:2016. Екатеринбург: б.н., 2016 г.